

Бекітемін _____
Бөбекжай-бақша әдіскері: О.А.Қанатқызы.

4-апта (18- 22 сәуір, 2022 жыл)
№10 «Құлыншақ» ересек топ

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Апталық тақырып: «Біз жас зерттеушілерміз»

Мақсаты: Өртүрлі мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Еңбек және оның маңыздылығы туралы білім беруді жалғастыру, мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері: Адамдарға барлық мамандық маңызды және қажет. Өр істе ең бастысы – білімді, шебер, еңбексүйгіш болу керек

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 18.04.2022ж | Сейсенбі 19.04.2022ж | Сәрсенбі 20.04.2022ж | Бейсенбі 21.04.2022ж | Жұма 22.04.2022ж |
|---|--|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалармен амандасу, тазалықтары мен дене қызуы мен жарақаттары жоқ па тексеріп, қабылдау демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. | | | | |
| Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу | Ата-аналар мен амандасып, балалардың көңіл күйлері туралы сұрау, кешікпей келулерін ескерту. | | | | |
| Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б) | Дидактикалық ойын: «Әсем не істегісі келеді?» Мақсаты: балаларға кейбір еңбек түрлері туралы айтып, оларға керекті материалмен, құрал-жабдықтармен және оларды қандай жұмыстарда қолданылатынын таныстыру. | Қимылдық ойын: "Шаңырақ". Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа және ұйымшылдыққа баулу. Түстерді ажырата білулерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. | Дидактикалық ойын: "Жасырып, тауып аламыз". Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, олардың зейіні мен еске сақтау процестерін дамыту. Көз алдында тұрған заттарды ажырата білуге баулу. | Қимылдық ойын: "Айдаһардың құйрығы". Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу. | Саусақ ойыны: "Саусақ аттарымен танысайық". Бәріміз қолымызды жұдырыққа жұмайық. Саусақтарымыз бір-бірлеп, сендермен танысқысы келеді. Өрқайсысының өзінің атаулары бар. Қане, танысайық. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. |
| Таңертеңгі жаттығу | Жаттығу кешені «Жалаушамен» | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| Таңғы ас | Тамақты төкпей,ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық | <p>Суретпен жұмыс: "Құстар" Мақсаты:Құстардың түрлерімен таныстыру.Қыстап қалатын құстардың түрлерін көрсету.Жылы жаққа ұшып кететін құстармен таныстыру.</p> | <p>Саусақ ойыны "Сыңғырлайды қоңырау,қозғалады тілімен". Қолымызды жоғары көтеріп, саусақтарымызды айқастырып қозғалтайық.</p> | <p>Қимылды ойын: «Бұл қандай көлік?» Мақсаты: Балаларға көлік түрімен таныстырып, қалай аталатынын үйрету</p> | <p>Суретпен жұмыс: «Көктем » Мақсаты: Балаларға көктемнің ерекшеліктерімен таныстыру.</p> | <p>Қимылды ойын: "Жануарлардың жүрісі" Мақсаты:Орманда жүретін жануарлар жүрістерін салу арқылы қандай жануар екендігін табу.</p> |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | <p>«Қатынас» Орыс тілі Тема:«Части тела» Цель: Продолжать учить выполнять действия по словесной инструкции, учить детей отвечать на вопросы полным предложением и использовать в речи придаточные предложения, обогащать словарный запас словами, обозначающими части тела и культурно-гигиенические навыки. Закрепить умение называть членов семьи на русском языке. Формирование навыков понимания и использования в речи русских слов и выражений. Развивать внимание, словесно-логическое мышление. Воспитывать культурно-</p> | <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы:«Біз мықтымыз» Мақсаты: Орында бір аяқпен, тепе-теңдікті сақтап және бір аяқпен итерілуді екпінмен орындап секіруге үйрету. Бір аяқтың артына екінші аяқты қойып қойылған аяқтың өкшесін бұрмай,жәймен отыруды қырындап жүруден орындай білуді бекіту. Гимнастикалық қабырға бойымен кезектестірілген адыммен өрмелеуге жаттығу,шыдамдылықты дамыту.</p> <p>« Қатынас» Көркем әдебиет «Көйлекті маған кім берді?» әңгімесі</p> | <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен ішпен қолдарымен екпінді қимылдарымен тартылып еңбектеуге жаттықтыру. Орында бір аяқпен,тепе-теңдікті сақтап және бір аяқпен итерілуді екпінмен орындап секіруге үйрету Қо: «Біз көңілді баламыз»</p> <p>«Шығармашылық» Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі – түсті пирамида» Мақсаты:Пирамида туралы түсінік беру, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету,</p> | <p>«Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Апам үшін» (Қ. Мырзалиев, И. Исаев) Мақсаты: Әнді қайталап, еске түсіріп, музыкалық динамикалық түрлерін ажыратып, түрлі жанрлар түсініктерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді полька» би</p> <p>«Таным» Математика негіздері «Таным» Математика негіздері Тақырыбы: «Құстың ұясы» Мақсаты:5саны заттарды санау қабілеттерін нағайту. Нүктелер қосу арқылы 5цифрын салып үйренуге, заттың орналасқан орнын сөзбен</p> | <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату балалармыз» Мақсаты: Балаларға достық мерекесі туралы тереңірек түсінік беру. Әр ұлт өкілдерінің ұлттық ойындарын ойната отырып достыққа баулу. Допты соғу күшін реттей отырып,қолдың бір қалыпты қимылымен допты еденге соғуға үйрету. Орында бір аяқпен секіруде табанмен түспей,итерілуде аяқтың ұшына сүйеніп орындай білуді бекіту. Орындық бойымен жүруде өзінің әрекетін басқаның әрекеттерімен үйлестіре білуге үйрету. Қо:«Белгіні тыңда»</p> <p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту</p> |

| | | | | |
|---|--|---|--|--|
| <p>гигиенические навыки.</p> <p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі-түсті үшбұрыштар» Мақсаты: Үшбұрышты заттарды ажырата білуді үйрету, кеңістікті, түстерді сезіне білуді, шығармашылық қабілеттерін, ой – қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл – қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.</p> | <p>Авторы: С.Мұхамедиев (көркем әдебиет хрест. 131 бет) Мақсаты: Әңгімені оқи отырып, балаларға киіп жүрген көйлектердің қайдан және қалай тоқылып шығатындығы туралы мағлұмат беру.</p> <p>«Шығармашылық» Музыка Музыка Тақырыбы: «Апам үшін»(Қ. Мырзалиев, И. Исаев) Мақсаты: Балаларға көмекші құралдар туралы түсіндіріп, қажетті құралдар туралы айтып, музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білуді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді полька» би</p> | <p>шығыршық дөңгелектер жасауды үйрету. Ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру.</p> <p>"Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Жылы-жылы жел соқты» Мақсаты: табиғат құбылыстары, оның ішінде жел туралы, желдің пайда болу себептері, тірі организмдердің, оның ішінде адамның да өміріндегі рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту.</p> <p>Әдіс-тәсілі: түсіндіру, үйрету, әңгімелеу, жұмбақ шешу, ойын ойнау</p> <p>Амандасу Біз тәртіпті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкендерді тыңдап біз, Әдепті бала боламыз. Балаларға жаз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.</p> | <p>айтып үйренуге. (сол жақта, оң жақта, алдында, артында) үйрету.</p> <p>Әдіс-тәсілі: түсіндіру, үйрету, көрсету, жұмбақ шешу, ойын ойнау Амандасу Алақанды ашайық Шуағымды шашайық Бір-бірімізге бәріміз Сәлемдесіп қояйық.</p> <p>Дид/ойын: Тақырыбы: "Қайсы нені жақсы көреді?" Мақсаты: Балаларды жануарлар мен құстар немен қоректенетінін таныстыру. Оларды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста. Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада, Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын.</p> | <p>Тақырыбы: Тақырыбы: «Су – сұйық, сондықтан ағады» Мақсаты: Судың әр түрлі күйде түрлерімен таныструды жалғастыру. Тәжірибие жасау барысында бақылағыштық дағдыларын жетілдіру. Бірлесіп жасауда өзара сыйластыққа, түсіністікте тәрбиелеу. мағлұмат беру.</p> <p>Әдіс-тәсілі: түсіндіру, үйрету, көрсету, әңгімелеу, сергіту.</p> <p>Амандасу Күндей жылы бол! Алмадай тәтті бол! Доптай көңілді бол! Айнадай жарық бол! Жүзіктей әдемі бол!</p> <p>Дид/ойын Тақырыбы: "Үйін тап" Мақсаты: Берілген тапсырманы мұқият, тиянақты орындауға үйрету. Ұсақ қол бұлшық еттерін дамыту.</p> <p>Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп,</p> |
|---|--|---|--|--|

| | | | | | |
|-------------------------|---|---|--|---|--|
| | | | <p>Дид/ойын: Тақырыбы: "Жабайы жануарларды тап!" Мақсаты Балалардың жабайы жануарлар жайлы білімдерін пысықтау. Зеректікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сергіту сәті: Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы, Желмен бірге ырғалған.</p> | | Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. |
| Серуенге дайынды | Балаларды киімдерін өздері ретімен киюге, сөрелерін мұқият жинауға үйрету. Киімдерін оң-терісін, алды-артын дұрыс тани білуге үйрете отырып, бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу | | | | |
| Серуен | <p>1. Аспанды бақылау. Мақсаты: Балаларды көктемгі аспанды бақылай білуді жалғастыру. 2. Еңбек: Серуен соңында далаға шығарған ойыншықтарды жинау. 3. Қимылдық ойын: «Жалаушаға қарай жүгір». Мақсаты: балалардың жылдамдығын арттыру. 4. Жеке-жұмыс: Бекасыл мен Дария көктем айларын сұрау. 5. Еркін ойындар.</p> | <p>1. Бұлтты бақылау. Мақсаты: Балаларды көктемгі бұлтты бақылай білуге жалғастыру, көктемде бұлттың қандай болатынын түсіндіру. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. 3. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріңдер». Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. 4. Жеке-жұмыс: Альтаир мен Айсанаға санамақ санату. 5. Еркін ойындар</p> | <p>1. Адамдардың киімін бақылау. Мақсаты: Адамдардың киімдерін бақылау. Балаларды көктем мезгілі күн жылына бастағаннан бастап, адамдар қалың киімдерін шешіп, жұқа киім туралы толық түсінік беру. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинау. 3. Қимылдық ойын: «Қақпан». Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа үйрету. 4. Жеке-жұмыс: Аия мен Әлімханға "отбасы" туралы тақпақ жаттау. 5. Еркін ойындар.</p> | <p>1. Көшені бақылау. Мақсаты: Балаларға қала көшелерінің көп болатыны туралы түсініктерін кеңейту. 2. Еңбек: Құм салғышқа құмдарды жинауға көмектесу. 3. Қимылдық ойын: «Жапалақ». Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа үйрету. 4. Жеке-жұмыс: Еділ мен Азизаға 1-5ке дейін тура, кері санауды үйрету. 5. Еркін ойындар</p> | <p>1. Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: аула сыпырушының еңбегін бақылау, балаларды ауланың ішін тазалап, сыпырып жинайтын аула сыпырушының еңбегі екенін түсіндіру. 2. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. 3. Қимылдық ойын: "Күн мен түн". Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. 4. Жеке-жұмыс: Ерасыл мен Маликадан ата-аналары қандай мамандық бойынша қызмет етеді туралы сұрау. 5. Еркін ойындар</p> |

| | | | | | | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|--|---|---|--|--|
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру.</p> | | | | | | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесін жүргізу.</p> | | | | | | | | | |
| <p>Түскі ұйқы</p> | <p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</p> <table border="1" data-bbox="344 347 2199 531"> <tr> <td data-bbox="344 347 730 531"> <p>Балаларды А. Қалаубаеваның «Көбелектер» әуенің тыңдату арқылы ұйықтату.</p> </td> <td data-bbox="730 347 1093 531"> <p>Балаларға «Қызыл телпек» ертегісін айтып ұйықтату.</p> </td> <td data-bbox="1093 347 1451 531"> <p>Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату.</p> </td> <td data-bbox="1451 347 1827 531"> <p>Балаларға «Шалқан» ертегісін айтып, ұйықтату.</p> </td> <td data-bbox="1827 347 2199 531"> <p>Балаларға «Жеті лақ» ертегісін айтып, ұйықтату.</p> </td> </tr> </table> | | | | | <p>Балаларды А. Қалаубаеваның «Көбелектер» әуенің тыңдату арқылы ұйықтату.</p> | <p>Балаларға «Қызыл телпек» ертегісін айтып ұйықтату.</p> | <p>Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату.</p> | <p>Балаларға «Шалқан» ертегісін айтып, ұйықтату.</p> | <p>Балаларға «Жеті лақ» ертегісін айтып, ұйықтату.</p> |
| <p>Балаларды А. Қалаубаеваның «Көбелектер» әуенің тыңдату арқылы ұйықтату.</p> | <p>Балаларға «Қызыл телпек» ертегісін айтып ұйықтату.</p> | <p>Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату.</p> | <p>Балаларға «Шалқан» ертегісін айтып, ұйықтату.</p> | <p>Балаларға «Жеті лақ» ертегісін айтып, ұйықтату.</p> | | | | | | |
| <p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p> | <p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Киімдерін ретімен киіп, шаштарын жинап реттелу</p> | | | | | | | | | |
| <p>Бесін ас</p> | <p>Бесін асқа отырғызу: балаларды тамақтану кезінде партада дұрыс, қалыпты отыруға үйрету. жан-жағына қарамай тамақтануға дағдыландыру. алдарына берілген тамақтарын тауысып жеулерін қадағалау.</p> | | | | | | | | | |
| <p>Ойындар, дербес әрекет.</p> | <p>Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?" Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көктем мезгілі туралы әңгімелесу, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> | <p>Вариативтік компонент:«Тәрбиетал бесіктен» Тақырыбы: «Алтын бала» С.Тұралиев Мақсаты: Балаларды өзіне тапсырылған істі тиянақты орындалуға,отбасында, достарының ортасында жауапкершілікті болуға,үлкенді сыйлауға,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі:көрсету айту,түсіндіру, жұмбақтар,мадақтау, қортынды.</p> | <p>Ойын – жаттығу "Қуыршықты жуындыр" Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> | <p>Вариативтік компонент:«Өнерлі екен он саусак» Тақырыбы: «Алтын күн» (Сурет салу) Мақсаты: Шеңберді түзу сызықтармен үйлестіре білуге үйрету. Сызықтар туралы түсініктерін дамыту. Шығармашыл болуға тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі:көрсету айту,түсіндіру, жұмбақтар,мадақтау, қортынды.</p> | <p>Ойын: "Кімнің заттары?)" (жақын адамдарының заттарын анықтау); Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету</p> | | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | | <p>Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?"</p> <p>Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> | | <p>Дид/ойын: «Сиқырлы қоржын»</p> <p>Мақсаты: Қоржынның ішіндегі заттардың пішінін түсінкөлемін айтуға үйрету.</p> | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Арланға тілдегі барлық дыбысты таза айтуға жаттықтыру | Кәусармен отбасы туралы әңгімелесу. | Ерасылға шағын таппақты жатқа айтуға үйрету | Аданаға сурет бойынша таныс шығармалардың атауға үйрету | Бексұлтанға геометриялық пішіндерді атауға үйрету |
| Серуенге дайындық | Балаларға киімдерінің жүгірмек, түймелерін салу кезінде көмек көрсете отырып, дұрыс киінулерін қадағалау. Аяқ киімдерінің бауларын байлауға, аяқкиімдерін оң кие білуге үйрету. Балалардың жылы, дұрыс киінулерін қадағалау. | | | | |
| Серуен | <p>1.Кешкі ауа-райын бақылау. Мақсаты: табиғат құбылысын сезіну.</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Жалаушаға жет» Мақсаты: шапшаңдылыққа үйрету.</p> <p>3.Еркін ойындар.</p> | <p>1. Көктемгі ағашты бақылау. Мақсаты: ағашқа деген қамқорлық қатынасын қалыптастыру.</p> <p>2.Қимылдық ойын: "Өз үйіңді тап!" Мақсаты: ойынға қызығушылығын арттыру.</p> <p>3.Еркін ойындар</p> | <p>1.Тас жолды бақылау. Мақсаты: жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.</p> <p>2.Қимылдық ойын: «Бағдаршам» Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру.</p> <p>3.Еркін ойындар.</p> | <p>1.Күнді бақылау. Мақсаты: жылуын,жарығын сезінуге үйрету.</p> <p>2.Қимылдық ойын: "Кім шапшаң?" Мақсаты: шапшаңдылыққа үйрету.</p> <p>3.Еркін ойындар.</p> | <p>1.Ғимараттарды бақылау. Мақсаты: биік-аласа ұғымын бекіту.</p> <p>2. Қимылдық ойын: "Кім шапшаң?" Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру.</p> <p>3.Еркін ойындар</p> |
| Балалардың үйіне қайтуы. | Ата-аналарға балаларымен сөйлеуін дамыту мақсатында жиі сөйлесіп, әңгімелесіп отыруға кеңес айту. | Балабақша тақырыбындағы таппақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту | Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну. | Ата-аналарға үй жағдайында балаларына ұялы телефонды ұстатпауларын ескерту, кеңес беру. | Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |